

**«Докторанттардың ғылыми кеңесшінің жұмысына қанағаттануы»
сауалнамасының қорытындысы бойынша анықтама**

Ректордың 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №1219 бұйрығына сәйкес, Стратегиялық даму және тәуекелдерді басқару департаменті «Докторанттардың ғылыми кеңесшінің жұмысына қанағаттануы» тақырыбында әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды.

Сауалнаманың мақсаты – докторанттардың отандық ғылыми кеңесшінің (бұдан әрі – ҒК) жұмысына қанағаттану деңгейін талдау.

Міндеттері:

1. Докторанттардың ғылыми кеңес беру сапасына қанағаттануын бағалау.
2. Сауалнама тақырыбы бойынша қорытындылар тұжырымдау.

Сауалнама құралы: Сауалнама «Platonus» докторанттардың жеке кабинеттері арқылы жүргізілді. Сауалнама түрі – аралас, сұрақтар саны – 17.

Мақсатты аудитория – факультет докторанттары.

Зерттеуге университеттің 95 докторанты қатысты, бұл олардың жалпы санының 60%-ын құрады (1-кесте).

1-кесте.

**Сауалнамаға қатысқан респонденттердің саны
(факультеттер бойынша)**

	Факультет	Докторанттар контингенті	Респонденттер саны	Респонденттер %
1	Биология-география	7	4	57%
2	Тарих	11	7	64%
3	Шетел тілдер	8	4	50%
4	Математики және АТ	10	6	60%
5	Педагогика	20	12	60%
6	Физико-техникалық	31	21	68%
7	Филология	18	15	83%
8	Философия және психология	10	7	70%
9	Химия	13	1	8%
10	Экономика	18	10	59%
11	Заң	12	8	67%
	БАРЛЫҒЫ	158	95	60%

Респонденттерге отандық ғылыми кеңесшінің жұмысын түрлі критерийлер бойынша бағалау ұсынылды. Жалпы алғанда, респонденттердің **95%-ы** өз ғылыми кеңесшісімен (ҒК) өзара іс-қимыл деңгейіне көңілі толатынын білдірді.


Респонденттердің **94%-ы** ғылыми кеңесшіні өздері таңдағанын айтты, 2 респонденттің ҒК-ні таңдауға мүмкіндігі болмаған, ал 4 респондент бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

Барлық респонденттер (**100%**) ғылыми кеңесші жеке жоспарды әзірлеуге үлес қосқанын, ғылыми жұмыс тақырыбын таңдауға қатысқанын және ҒК докторант диссертация жазып жатқан тілді жетік меңгергенін (1-сурет).

1	Анкетирование "Удовлетворенность докторантов работой научного консультанта"		
3	Опрошены 95 или 60% от целевой аудитории		
4	Период проведения анкетирования: 01.10.2025 - 10.10.2025		
5	Дата формирования отчета: 13.10.2025		
6			
7	Вопросы/Варианты ответов	%	отв
12	Участвовал ли научный консультант в выборе темы Вашей научной работы?		
13	Да	96,84	92
14	Скорее да, чем нет	3,16	3
15	Скорее нет, чем да	0,00	0
17	Владеет ли Ваш научный консультант в совершенстве языком, на котором Вы пишете диссертацию?		
18	Да	100,00	95
19	Нет	0,00	0
20	Затрудняюсь ответить	0,00	0
21	Вносил ли свой вклад научный консультант в разработку Вашего индивидуального плана работы?		
22	Да	100,00	95
23	Нет	0,00	0

1-сурет. Platonus-тан алынған сауалнама нәтижелерінің жиынтық кестесінің фрагменті

Сондай-ақ, барлық респонденттер ғылыми кеңесшілермен кездесу жиілігіне көңілі толады, яғни докторанттардың 92%-ы *Толық қанағаттанамын*, ал 8%-ы *Сірә қанағаттанамын* деген жауапты таңдаған (2-сурет).



2-сурет. ФК-мен кездесулер жиілігіне қанағаттанушылықты бағалау нәтижесі

Қанағаттану деңгейінің мұндай жоғары көрсеткішін респонденттердің 87%-ы (83 адам) кез келген уақытта кеңес алуға жүгіне алатындығы, ал 13%-ы үшін кеңесші алдын ала келісім бойынша қолжетімді екендігі де растайды. *Кездесуге уақыт белгілеу қиын және Іс жүзінде қолжетімді емес* деген жауаптар таңдалған жоқ.

2-кестеде көрсеткіштер бойынша қанағаттану деңгейі көрсетілген.»

2-кесте.

Төменде көрсетілген көрсеткіштер бойынша ғылыми кеңесшінің көрсеткен көмегіне қанағаттанасыз ба?		Қанағат %
1.	зерттеудің ғылыми аппаратын қалыптастыруда	97
2.	диссертацияның теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда	96
3.	шетелдік тағылымдаманың орны мен мазмұнын анықтауда	96
4.	зерттеудің практикалық нәтижелерін негіздеуде	94
5.	БҒСҚҚ ұсынған журналдарда мақалаларды жариялауда	90
6.	Scopus/ Web of Science деректер базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдарда мақалалар жариялауда	85

Көріп отырғанымыздай, қанағаттану деңгейі өте жоғары **85%-дан 97%-ға дейінгі** аралықты құрайды. Мұндай бағалау ғылыми кеңесшілердің кәсібилігі жоғары екенін, әсіресе әдістемелік және теориялық қолдау көрсету бөлігінде (1, 2-тармақтар) айқын көрсетеді. Сонымен қатар, ең төменгі көрсеткіш (**85%**) Scopus/Web of Science деректер базасына кіретін, импакт-факторы нөлдік емес журналдарда мақалалар жариялау мәселесіне тиесілі. Бұл дәл осы бағыттағы жұмысты күшейту қажеттігін білдіреді. Алынған нәтижелер университетіміздің докторанттарына жетекшілік ететін ғылыми кеңесшілердің жоғары кәсіби құзыреттілігі мен жауапкершілігінің дәлелі болып табылады.

3-кестеде «**Ғылыми кеңесшімен жұмыс істеу барысында қандай нәтижелерді атап өте аласыз?**» сұрағына берілген жауаптар көрсетілген.

3-кесте.

	<i>Ғылыми кеңесшімен жұмыс істеу барысында қандай нәтижелерді атап өте аласыз?</i>	%
1.	Зерттеу саласы туралы тұжырымдамалық түсінік алдым	86
2.	Мақала жазу және жариялау бойынша практикалық кеңестер алдым	69
3.	Зерттеу тақырыбы бойынша көптеген жаңа ақпарат алдым	68
4.	Зерттеу дағдыларын жетілдірдім	67
5.	Шетелдік ғалымдармен жұмыс жасау тәжірибесін алдым	48
6.	Ғылыми сөйлеу стилін меңгердім	46
7.	Эксперименттік деректерді математикалық өңдеу дағдыларын жетілдірдім	28

Докторанттардың 96%-ы ғылыми жетекшімен жұмыс істеу барысында ешқандай қиындықтар туындамағанын айтады. Мұндай нәтижелер ғылыми жетекшілік ету үдерісінің жан-жақты және құзыретті екенін көрсетеді. Респонденттердің қалған 4%-ы ғылыми жетекшінің уақытының тапшылығы мәселесіне тап болған (Шет тілдері факультетінен 2 респондент, педагогика факультетінен 2 респондент).

Жалпы алғанда, респонденттер ғылыми сүйемелдеу сапасын 5-тен **4,9 баллға** бағалады, бұл ғылыми сүйемелдеуге деген **98% қанағаттанушылықты** көрсетеді. Мұндай жоғары бағаны респонденттердің ғылыми кеңесшілермен көңілі толуының **100% көрсеткіші** де растайды (респонденттердің 93%-ы — *толықтай қанағаттанған*, ал 7%-ы — *көбіне қанағаттанған*).

Респонденттерге докторантурадағы ғылыми жетекшілікті (сүйемелдеуді) жақсарту бойынша өз ұсыныстарын айту ұсынылды. Респонденттердің **40%-ында** ғылыми жетекшілікті жақсарту бойынша нақты ұсыныстар жоқ, **21%-ы** «*барлығы жақсы және оларды бәрі қанағаттандырады*» деп санайды. Сауалнамаға қатысқандардың **39%-ы** нақты ұсыныстар білдірді, бұл жақсартуды қажет ететін мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Нақты ұсыныстар бағыттар бойынша топтастырылды:

1. Жарияланымдарды қолдау және академиялық жазу (15 респондент). Докторанттар ғылыми жазу орталығын (Center for Scientific Writing) құру қажеттілігін және халықаралық дерекқорлардағы жарияланымдармен, сондай-ақ деректермен жұмыс істеу бойынша тұрақты семинарлар өткізудің маңыздылығын айтады.
2. Ғылыми деректер базалары мен ресурстарына тұрақты қолжетімділікті қамтамасыз ету (5 респондент).
3. Зерттеулер жүргізу үшін қажетті жабдықтармен және бағдарламалармен қамтамасыз ету (3 респондент).
4. Ғылыми жетекшілік/сүйемелдеу жүйесін жетілдіру (7 респондент). Ұсыныстар арасында (бір жетекшінің орнына) ғылыми комитет моделіне көшу, жетекшілердің әкімшілік жүктемесін азайту және олардың жауапкершілігін арттыру шаралары бар.
5. Халықаралық ынтымақтастық және тағылымдамалар (6 респондент). Докторанттар шетелдік тағылымдамалардың ұзақтығын арттыруды (2 айға дейін) және олардың қолжетімділігін жақсартуды ұсынады.

Қорытынды:

1. Жалпы алғанда университет докторанттарының бекітілген ғылыми кеңесшімен өзара қарым-қатынастарын көңілдеру толады, **қанағаттану деңгейі 100%-ды құрайды.**
2. Докторанттар кеңесшілердің көрсететін ғылыми сүйемелдеу сапасын жоғары бағалайды, бұл көрсеткіш бойынша **бағалау 5-тен 4,9 балды құрайды.**
3. Сауалнама қорытындысы бойынша ғылыми кеңесшілер қызметінің жоғары бағалануы олардың **кәсібилігі мен жауапкершілігінің жоғары деңгейін** растайды.

Анықтама қысқартылған нұсқада берілген